



**Павлодар облысы аумағында шектеулі
карантиндік шаралар туралы
№11 ҚАУЛЫ**
(өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы)

2021 жылғы «6» мамыр

Павлодар қаласы

Мен, Павлодар облысы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Алиев Батырбек Төлеубекұлы, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» №360-VI ҚРЗ Кодексінің 38, 104-баптарының 2-тармағының 3) тармақшасына, ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі №17, 18 Қаулыларына сәйкес, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. 2021 жылғы 30 сәуірдегі «Павлодар облысының аумағында шектеулі карантиндік шаралар туралы» №10 Қаулыға төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақтың 2) тармақшасы келесі редакцияда жариялансын:
«2) ойын-сауық мекемелеріне тыйым салынсын (караоке, қорқор бөлмелері, букмекерлік кеңселер, бильярд залдары, ойын клубтары, түнгі клубтар, компьютерлік клубтар, боулинг орталықтары және т.б.)»;

2) 1-тармақтың 4) тармақшасы келесі редакцияда жариялансын:
«4) театрлар, кинотеатрлар, концерт залдарының жұмысына тыйым салынсын»;

3) 1-тармақтың 6) тармақшасы келесі редакцияда жариялансын:
«6) балалар сауықтыру лагерлерінің қызметіне рұқсат берілсін, 30%-дан артық емес»;

4) 1-тармақтың 10) тармақшасы келесі редакцияда жариялансын:
«10) Мектепке дейінгі мекемелердің кезекші топтарының қызметіне топтағы бала санын 25-тен асырмай топтастыра отыра, ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын сақтай отырып рұқсат етілсін»;

5) 1-тармақтың 17) тармақшасы келесі редакцияда жариялансын:
«17) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын сақтай отыра және ұжымдық іс-шаралар өткізбей, бір келушіге кемінде 4 шаршы метр сақталған жағдайда діни объектілердің (мешіттер, шіркеулер, соборлар, синагогалар және т. б.) қызметіне жекелей рұқсат берілсін. Ұжымдық діни іс-шараларды (соның ішінде «жұма намазы», күнделікті православтық дұғалары және басқалары) мешіттердің, православие шіркеулерінің және басқа да діни объектілер аумағында өткізу ашық аспан астында бетперде режимі мен бір адамға 4 метр әлеуметтік арақашықтықты ескере отырып жүргізіледі»;

6) 1-тармақтың 19) тармақшасы келесі редакцияда жариялансын:

«19) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отыра, сауда орталықтарының, сауда үйлерінің, сауда желілерінің қызметіне бір келушіге кемінде 4 шаршы метр сақталған жағдайда, жұмыс уақытын сағат 10.00 ден 22:00-ге дейін шектей отыра, сенбі және жексенбі күндері жұмысын тоқтата отыра рұқсат берілсін (азық-түлік сату объектілерін, дәріханаларды, сұлулық салондарын, сабын және кір жуу құралдарын, гигиеналық өнімдерді, үй жануарлары өнімдерін сататын объектілерді, білім беру үйірмелерін, сондай-ақ оларда орналасқан «Ashyq» жобасына қатысатын объектілерді қоспағанда). Егу пункттері орналасқан сауда орталықтары, сауда үйлері, сауда желілері сенбі және жексенбі күндері тоқтаусыз жұмыс істейді»;

7) 1-тармақтың 21) тармақшасы келесі редакцияда жариялансын:

«21) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, толымдылығы бір келушіге кемінде 4 шаршы метр сақталған жағдайда, азық-түлікке жатпайтын және азық-түлік тауарларын өткізетін базарлардың (ғимараттан тыс) қызметіне жұмыс уақытын шектемей рұқсат берілсін»;

8) 1-тармақтың 22) тармақшасы келесі редакцияда жариялансын:

«22) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, толымдылығы бір келушіге кемінде 4 шаршы метр сақталған жағдайда супермаркеттердің, гипермаркеттердің, минимаркеттердің қызметіне рұқсат берілсін»;

9) 1-тармақтың 25) тармақшасы келесі редакцияда жариялансын:

«25) қоғамдық тамақтану нысандарының қызметіне (фудкорттарды қоспағанда (тек жеткізу / алып кету форматында), банкет залдарына) жұмыс уақытын сағат 9:00-ден бастап 20:00-ге дейінгі жұмыс тәртібін бекіте отыра, жеткізу/алып кету режимін сағат 9:00-ден бастап 22:00-ге дейін шектей отыра рұқсат берілсін;
-асханалар типі бойынша қоғамдық тамақтану объектілері сағат 9:00-ден 24:00-ге дейін, толымдылығы 50% - ға дейін, бірақ үй-жайлардың ішінде 30-дан аспайтын және жазғы алаңдарда 30-дан аспайтын отырғызу орындары, элеуметтік қашықтықты сақтай отырып, үстелдерді көрші үстелдердің шеткі орындарының арасында кемінде 2 метр етіп орналастыру және бір үстелде 4-6 адамнан аспайтын отырғызу, ұжымдық, салтанатты, отбасылық және басқа да бұқаралық іс-шаралар өткізбей, ҚР МГСВ №67 қаулысының осы қаулыда белгіленген жұмыстар;
- стрит-фудтар (жеке тұрған палатка/дүңгіршек/отырғызу орындары жоқ киоскілер) қызметіне жұмыс уақытын шектемей, ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орындай отыра рұқсат берілсін»;

10) 1-тармақтың 26) тармақшасы алынып тасталсын;

11) 1-тармақтың 29) тармақшасы келесі редакцияда жариялансын:

«29) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтаған жағдайда, спортшылар мен жаттықтырушылар құрамының COVID-19 вакцинациясының толық курсын алғандығы туралы құжаттық дәлелдемелерін ұсынған жағдайда облыстық командаларды даярлау үшін оқу-жаттығу жиындарын өткізуге рұқсат берілсін»;

12) 1-тармақтың 30) тармақшасы келесі редакцияда жариялансын:

«30) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, топтық жаттығуларға қатысушылар үшін бір адамға 5 шаршы метрді қамтамасыз еткен жағдайда, алдын ала жазылумен, уақытын шектемей спорт кешендері мен спорт

нысандары, оның ішінде фитнес, жаттығу залдары мен спорттық-сауықтыру орталықтарының қызметіне сенбі және жексенбі күндері жұмысын тоқтата отыра рұқсат берілсін»;

13) 1-тармақтың 31) тармақшасы келесі редакцияда жариялансын:

«31) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, уақытын шектемей, бір адамға су айнасының 5 шаршы метр есебінен жеке форматта, сенбі және жексенбі күндері жұмысын тоқтата отыра бассейндер қызметіне рұқсат берілсін»;

14) 1-тармақтың 34) тармақшасы келесі редакцияда жариялансын:

«34) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, жұмыс уақытын сағат 8:00 ден 24:00-ге дейін шектеумен, сенбі және жексенбі күндері жұмысын тоқтата отыра сауналардың, СПА-орталықтардың қызметіне рұқсат берілсін»;

15) 1-тармақтың 48) тармақшасы келесі редакцияда жариялансын:

«48) ҚР БМСД №67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, мемлекеттік органдардың (ұйымдардың, кәсіпорындардың) квазимемлекеттік сектор органдарының, ұлттық кампаниялардың, өзге де ұйымдардың, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне рұқсат берілсін. Бұл ретте қызметкерлердің кемінде 80%-ы қашықтықтан жұмыс істеу формасында қалдырылады. Міндеттерін қашықтықтан орындала алмайтын қызметкерлерден басқаларды қоспағанда, COVID-19-ға қарсы вакцина алмаған және соңғы 6 ай ішінде COVID-19-бен ауырмаған қызметкерлер қашықтықтан жұмыс форматына ауыстырылады»;

16) 1-тармақтың 53) тармақшасы келесі редакцияда жариялансын:

«53) қарттар мен мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған медициналық-әлеуметтік мекемелер, балалар үйлері, сәбилер үйі жабық форматта қамқоршылықтағы адамдар мен қызметкерлердің сыртқы байланысын шектеу арқылы, қатаң санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтай отыра жұмыс істейді.

Әлеуетті ата-аналарға жетім балалармен оларды одан әрі асырап алуы, қорғаншылықта болуы, қамқоршысы болу үшін балалар үйіне және сәбилер үйіне баруына әлеуетті ата-аналарға берілуінен 3 тәуліктен аспаған COVID-19 ға ПТР зертханалық тексерісі теріс нәтиже көрсеткен немесе COVID-19 ға қарсы вакцинациясының толық курсы алғандығы туралы құжатты ұсынған кезде рұқсат беріледі».

17) 2-тармақ келесі редакцияда жариялансын:

«2.Павлодар облысының Әкімдігі, облыстың қалалары мен аудандары әкімдері, Павлодар облысының Полиция Департаменті, Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық Басқармасы, Павлодар облысының кәсіпкерлер Палатасы қамтамасыз етсін:

1) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 18 Қаулысына (бұдан әрі-ҚР БМСД № 18) қосымшаға сәйкес, ҚР МТЖБ № 67 Қаулысының талаптарын сақтай отырып, "Ashyq" жобасына қатысатын әлеуметтік - экономикалық субъектілердің жұмысына шектеулер мен рұқсаттарды іске асыру;

2) ҚР БМСД № 18 Қаулысы 1-тармағына сәйкес кәсіпкерлік нысандарында «Ashyq» бағдарламасы енгізілсін;

3) ҚР БМСД № 18 Қаулысына сәйкес, «Ashyq» жобасына ену және қатысу алгоритмдері сақталсын;

4) тұрғындар, жеке және заңды тұлғалар «Ashyq» жобасына қатысушы кәсіпкерлік нысандарына кіру үшін App Store мен Play-Market те жүктеуге болатын «Ashyq» мобильді қосымшасы туралы хабардар етілсін»;

5) әкімдіктердің сайтында «Ashyq» жобасының қатысушылары, оның ішінде ерікті қатысушылары туралы ақпараттар орналастырылсын;

6) «Ashyq» жобасына қатысушы кәсіпкерлік нысандарында коронавирустық инфекциямен сырқаттанудың жоғары деңгейімен (қызыл аймақ) әлеуметтік-экономикалық нысандардың жұмысын шектеу критерийлерін қолдануда әлеуметтік-экономикалық нысандардың жұмысын коронавирустық инфекциямен сырқаттанудың орташа ауырлық деңгейі үшін (сары аймақ) шектеу критерийлері қолданылады;

7) «сары»/ «қызыл» мәртебесі бар келушілерді анықтау кезінде ҚР БМСД №18 Қаулысының 2 қосымшасында бекітілген Алгоритмге сәйкес әкімшілік шаралар қолданылсын;

8) ҚР БМСД № 18 Қаулысының 3 қосымшасында бекітілген Алгоритмге сәйкес, жауапкершілігі төмен қатысушылар «Ashyq» жобасынан шығарылсын».

2. БМСД №10 Қаулысына Қосымша осы Қаулының 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жариялансын.

3. Осы Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы Қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Павлодар облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



Б. Алиев

Әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысын шектеу критерийлері

№	Объектілер/салалар	Қызыл аймақ
1	Өнеркәсіп	+
2	Құрылыс (тұрмыстық үй-жайларда байланыс болмаса)	+
3	Ауыл және балық шаруашылығы, мал шаруашылығы	+
4	Байланыссыз қызмет көрсетулер (көлік жуу, автокөлік, тұрмыстық техника, сағаттар, телефондар, компьютерлер, аяқ киімдер жөндеу, тігін ательелері, кір жуатын орындар, химиялық тазалау, кілттер жасау, тұрмыстық қызмет көрсету және т.б.)	+
5	Туристік компаниялар, бизнес орталықтар (сактандыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг қызметтері, жылжымайтын мүлік агенттіктері, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары, айырбастау пункттері, ломбардтар және т.б.)	+
6	Гүл дүкендері, фотосалондар	+
7	Медициналық ұйымдар, дәріханалар	+
8	Музейлер, кітапханалар	+
9	Балаларды түзету кабинеттері, балалар мен ересектерге арналған білім беру орталықтары	✓ топтағы адам санын 15 тен асырмай, алдын ала жазылу бойынша
10	Косметологиялық қызмет көрсететін сұлулық орталықтары мен салондары, шаштараздар, маникюр және педикюр қызметтері (жазылу бойынша)	✓ алдын ала жазылу бойынша
11	Азық-түлік дүкендері, минимаркеттер	+
12	Супермаркеттер, гипермаркеттер	+
13	Азық-түлікемес дүкендер (жеке тұрған)	✓ Аумағы 2000 шаршы метрге дейін.
14	Ашық базарлар (азық-түлік, азық-түлікемес)	+
15	Жабық базарлар (азық-түлік, азық-түлікемес)	✓ (сенбі, жексенбі күндерінен басқа)
16	Тұрғындар тұратын қызметтер ұсыну саласындағы ұйымдар (қонақүйлер, отельдер, санаторлық-курорттық ұйымдар, үйлер / демалыс базалары, туристік базалар жәнет.б.)	✓ толымдылығын 80% асырмай
17	Медициналық орталықтар, кабинеттер, стоматологиялар (жазылу бойынша)	✓ алдын ала жазылу бойынша

18	Қоғамдық көлік	✓ (қарбалас сәтте автобустар санын көбейту, барлық есіктерді ашу, отыратын орындар саны бойынша толтыру)
19	Банктер, Халыққа қызмет көрсету орталықтары, «Қазпошта» АҚ бөлімшелері	✓ жұмыс уақытын сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін шектеумен
20	Мектепке дейінгі мекемелер	✓ Кезекші топтар топтарды 25 адамнан аспайтын жиынтық есебінен
21	Ұйымдар, кеңселер	✓ 80% – қашықтық режимінде; 20% – көзбе-көз режимінде
22	Діни объектілер	✓ Жабық ғимараттарда ұжымдық іс-шараларды өткізбей
23	Мейрамхана, дәмхана және кофехана типтес қоғамдық тамақтану объектілері (ғимаратта)	✓ жұмыс істеу режимі сағат 9:00-ден 20:00 ге дейін, толымдылығы 50% дейін, бірақ 30 орыннан асырмай
24	Жазғы алаңдар	✓ жұмыс істеуге сағат 9:00-ден 20:00 ге дейін рұқсат беру
25	Асхана типтес қоғамдық тамақтану объектілері	Сағат 24.00 ге дейін
26	Стрит-фудтар (жеке тұрған палатка/дүңгіршек/отырғызу орындары жоқ киоскілер)	+
	Фуд-корттар	-
27	Моншалар	✓ сағат 8:00-ден 24:00 ге дейін
28	Сауналар	✓ сағат 8:00-ден 24:00 ге дейін (сенбі, жексенбі күндерінен басқа)
29	СПА орталықтары, бассейндер	✓ сағат 8:00 ден 24:00 ге дейін; (сенбі, жексенбі күндерінен басқа)
30	Қала маңындағы жолаушылар пойыздарының қозғалысы (электричкалар)	✓ жалпы вагондарсыз
31	Жолаушылар пойыздарының қозғалысы	✓ жалпы вагондарсыз
32	Қалааралық / облысаралық тұрақты автобустардың қозғалысы (шағынавтобустар)	—
33	Спорт кешендері, спорттық-сауықтыру орталықтары және йога-орталықтарын қоса алғанда фитнес орталықтары	✓ (сенбі, жексенбі күндерінен басқа)
34	СОСО, сауда үйлері, сауда желілері	✓ сағат 10: 00-ден 22:00-ге дейін сенбі және жексенбі күндері жұмыстың тоқтатылуымен.). Егу пункттері орналасқан сауда орталықтары, сауда үйлері, сауда желілері сенбі және жексенбі күндері тоқтаусыз жұмыс істейді

35	Мәдени нысандар (дайындық)	—
36	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, филармониялар	—
37	Облысаралық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	—
38	Қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	—
39	Бильярд залдары	—
40	Компьютерлік клубтар	—
41	Боулинг	—
42	Цирктер	—
43	Балалар ойын-сауық орталықтары(ойын алаңдары, жабық ғимараттағы аттракциондар)	—
44	Ашық ауадағы аттракциондар	+
45	Балалар ойын-сауық ұйымдары	✓ Толымдылығын 30% асырмай
46	Көрермендермен спорттық шаралар өткізу	—
47	Еске алу шараларын (жабдықтарды) өткізу	—
48	Банкет залдары	—
49	Түнгі клубтар және ойын клубтары	—
50	Караоке	—
51	Океанариум	—
52	Көріністі бұқаралық іс-шаралар, көрмелер, конференциялар, форумдар, отбасылық, еске алу іс-шаралары	—
53	Көрмелер	—
54	Марафондар (ашық ауада)	-
55	Ерікті қатысушылар (ЖОО, киноиндустрия, Банктер, ұйымдар, кеңселер және т.б.)	

* - Қызметкерлері COVID-19-ға қарсы вакцинацияланған ұйымдар, кеңселер жұмыс істейтін қызметкерлердің пайыздық құрамына қойылатын талаптарды есепке алмай жұмысты қашықтықтан және көзбе көз режимде жүргізеді. Бұл ретте, COVID-19-ға қарсы вакцинацияның толық күрсын алған және соңғы 6 айда COVID-19-бен ауырып шыққан қызметкерлерге толық күндік жұмысқа шығуға, яғни, көзбе көз режимде жұмыс істеуге рұқсат етіледі.

«+» - қызметіне рұқсат беріледі;

«✓» - қызметіне ішінара рұқсат беріледі (шектеулермен);

«-» - қызметіне тыйым салынады.